

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Людвиг Витгенштейн: тіл және  
нақты дүние

4-тарау. Қазіргі философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 20. Людвиг Витгенштейн: тіл және нақты дүние

Витгенштейнді көбіне «күрделі» философ деп айтады. Ол – бір емес, екі философиялық ілім ұсынған бірегей ойшыл. Оны, негізінен, логика және тіл мәселелері қызықтырды.

## Өмірі

Людвиг Витгенштейн 1889 жылы Венада дүниеге келген. Әкесі металлургия өнеркәсібі саласында қызмет етті, отбасы өте ауқатты тұрды. Атасы – протестанттықты қабылдаған еврей; анасы Людвигтің өзі сияқты католик еді. Витгенштейннің отбасы музыкаға өте жақын болды. Бастауыш білімді Людвиг өз үйінде, жеке мұғалімдерден сабақ ала отырып игерді. Ол ескі бөлшектерден механизм құрастырып, ерекше дарынын байқатты.

Ол 14 жасқа толған соң ғана мектепке барды. Онымен бірге Адольф Гитлер де оқыған, бірақ бұл жай ғана сәйкестік еді. Алғашында Витгенштейн Берлинде инженердің оқуын оқыды. Кейінірек ол Манчестерде аспирантураны аяқтап, онда аэронавтиканы, әсіресе жоғары қысымдағы газдардың жану процесі заңдылықтарын зерттеді. Бұл оның математика негіздеріне ықпалын оятты, сол арқылы философияға келді. Витгенштейн математика және логика негіздері туралы кітап жаза бастады. Сосын бұл кітапты неміс философы және математигі Готлоб Фрегеге көрсетті.

Фреге Витгенштейнге Кембриджге аттанып, математиканы Бертран Расселдің ғылыми жетекшілігімен зерттеуге кеңес берді. Математика туралы «Principia Mathematica» атты маңызды еңбек жазған Рассел – сонымен қатар, әлемге әйгілі философтардың бірі. Екеуінің арасында достық қарым-қатынас орнады. Бірде Рассел мен Тринити-колледждің тағы бір атақты кембридждік философы Джордж Эдвард Мур жаңадан келген студенттерді талқылап отырып, ақыры Витгенштейнге де жетеді. «Түсіне алар емеспін, – дейді бірі, – ол өзі данышпан ба, әлде нақұрыс па?» «Неге?» деп сұрайды екіншісі. «Өйткені, ол менің дәрістерімде үнемі ойға шомып отырады».

Рассел оның данышпандығына көз жеткізіп, оған өзінің таным теориясына арналған, әлі аяқталмаған жұмысының мәтінін көрсетті. Витгенштейннің оны қатал сынағаны соншалық, Рассел кейін бұл еңбегін қайта қарау үшін оған берді. Ол логика мәселелерін шешуге және ұстазының қателіктерін түзетуге тырысып, түні бойы Расселдің пәтерінің бір бұрышынан екінші бұрышына әрі-бері теңселіп жүретін. Осы түнгі толғаныстар шәкіртінің денсаулығын құртатынын сезінген сәтке дейін, Рассел Витгенштейнге уақыттың тым кеш болып кеткенін ескертіп, үйден кетуін талап етуге де қорықты. Ақыры гуманитарлық ғылымдар бакалавры дәрежесін алмастан Кембриджден кетіп қалды. Ол Норвегияға аттанып, сол жақта логика туралы пайымдауларын жалғастырды.

1914 жылы соғыс басталды, Витгенштейн өз еркімен Австрия әскері қатарына кірді. Ол соғыстың барлық ауыртпалығын басынан өткеріп, оның қатал жағдайларын сезінді, бірақ шайқастарға көп қатысқан жоқ. Логика теориясына қатысты жазбаларын жалғастыра берді. Біртіндеп бұл жазбалар жинақтала келіп, тұтас кітап болды. Кейінірек бұл кітап оның басты жұмысына айналды. Ол «Логикалық-философиялық трактат» деген атауға ие болды. Философ бұл жазбаларын соғыста жорық сөмкесінде арқалап жүрген деп те айтады.

Витгенштейн соғыста ержүрек, батыл болды және өзін аса қауіпті аймақтарға жіберуді үнемі талап етті. Ол бірнеше медаль алды. Әскери өмір оның философиялық ойларының бағытына да ерекше әсер етті, ол логиканы ғана емес, этика мәселелерін де қарастыра бастады.

Кембридж университетінің баспасы оның «Трактатын» жариялаудан бас тартты. Мұнымен қоймай, ешбір еңбегін баспай қойды. Оның еңбектері Оксфордта жарық көрді. Лингвистикалық талдауға баса назар аударған философиясы Кембрижде дамығанымен, көбіне Оксфорд философиясы деп аталды.

Витгенштейн философиясының бұл кезеңдегі басты бағыты – тіл арқылы барынша анық әрі дәл баяндауға болатынның бәрін бейнелеу еді. Бұл философия адамның ойлау қабілетін тұйықтаған барлық шегараларды жойды. Витгенштейннің басқа идеялары да талай маңызды сұрақ туындатады, бірақ бізге оларды қарастырудың қажеті жоқ.

1929 жылы ол Кембриджге қайта оралып, онда өзінің «Трактатын» диссертация ретінде ұсынды. Мур мен Рассел одан емтихан қабылдады. Диссертациясын қорғап сөйлеген сөзінің



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 20. Людвиг Витгенштейн: тіл және нақты дүние

соңында Витгенштейн екі ғалымның арқасынан қағып, олардың бұл еңбекті бәрібір түсіне алмайтынын, сондықтан аса қатты уайымдамауларын өтінген екен. Кейінірек Мур емтихан комиссиясының есебінде: «Меніңше, Витгенштейн мырзаның диссертациясы – данышпанның еңбегі; бірақ қалай болғанда да, ол Кембридж университетінің философия докторы ғылыми дәрежесін алуға қажетті барлық талаптарға сай», – деп жазды.

Сол уақыттан бастап Кембрижде философия пәнінің оқытушысы атанды. Ол өте қарапайым өмір сүрді. Оның бөлмесінде жиһаз атаулыдан үстел, бірнеше шезлонг және жиналмалы кереует қана болған!

Витгенштейннің дәрістері жалпы қабылданған шарттарға сәйкес емес-ті. Ол ойларын бір орында қозғалмастан дауыстап айта беретін және қолында ешқандай қағазы болмайтын. Кейде дәрісханада ұзақ уақыт үнсіздік орнайтын. Витгенштейн ақымақтығы үшін өзінің жержебіріне жететін, сонымен қатар, тыңдаушыларымен керісіп, дауласып қалатын. Студенттер өздерін терең, маңызды және сирек кездесетін ойлау процесіне қатысып отырғандай сезінетін. Диплом жұмысын қорғауға дайындық кезінде олар қайтсе ұстаз талаптарына сай бола алатынын білмей, бас қатыратын. Әрине, оның бұл мінезі мен әдістері ешкімге ұнамады. Алайда ол студенттердің «басында болмаса да, қолдарында болсын» деп, өз жазбаларының екі топтамасын дайындады. Олар «Көгілдір» және «Қоңыр» кітаптар деген атаулармен жарық көрді. Бұл кітаптардың атаулары олардың мәтіні бастапқыда көгілдір және қоңыр қаптапаларда болуына байланысты еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Витгенштейн философияны оқытудан бас тартып, оның орнына Лондондағы госпитальдардың бірінде санитар болып қызмет етті. 1947 жылы Витгенштейн қызметін тастады. Осы сәттен бастап ол Ирландияның батыс жағалауындағы үйінде оқшау ғұмыр кешті.

Бүкіл өмірінің басты туындысы – «Философиялық зерттеулерді» сол жерде жазды.

Көп ұзамай ол сырқаттанып қалды. 1951 жылы Кембрижде дүниеден өтті. Өзінің философиялық мәселелерді шешуге арналған еңбегін ол өлім сағаты соққан күнге дейін, ақылынан біржола адасқанша жазумен болды.

## Ойлары

### Логиканың маңыздылығы

Логика Аристотель үшін де, сондай-ақ ортағасырлық схоластикалық философтар үшін де зор маңызға ие еді. Ол философтардың анық та дәл ойлар тұжырымдауына, ықтимал дәлелдер келтіріп, күмәнсіз түйіндер жасауына көмектесетін «құрал» болатын. Ойшылдар логиканы он тоғызыншы ғасырдың соңына дейін ұзақ уақыт бойына ескермей келді, себебі логиканың барлық мәселелері толық шешіліп бітті деп есептелген-ді. Бірақ XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында логика философияның басты мәселелерінің бірі ретінде қайта оралды. Осы уақыттан бастап Британия және Америка колледждерінде оған көбірек мән берілетін болды.

Логика саласындағы революцияны бірінші болып Готлоб Фреге бастады. Ол математика мен тілді ортақ сыры көп құбылыстар ретінде қарастырды. Оның айтуынша, сандар өздігінен зат бола алмайды, бірақ сол заттарды сипаттайтын ұғымдар болып саналады. Ұғымдар қоршаған ортаның объектілері емес, бірақ осы объектілерді сипаттауда қолданылады. Ұғымдар тіл және адам сөзі деңгейінде өзара үйлесіп, сөз тіркестерін қалыптастыра алады. Дәл осылай математикада да ұғымдар өзара үйлесіп, пікір құрай алады.

Фреге мағына мен мән туралы ой қозғады. Оның пікірінше, мағына бізге белгілі бір сөйлем хабардар етіп тұрған нәрсемен шендестірілуі тиіс: мысық пен белгілі бір әрекет – мысықтың төсеніште болуы – тұтас бір сөйлемге бірігеді: «Мысық төсеніште отырды». Мән – осы ұғымдардың бір-бірімен қалай қабысатынында.

Оның айтуынша, біз тіл мен математиканың арақатынасын сөйлемдердің немесе пайымдаулардың мазмұнын мұқият зерттемейінше түсіне алмаймыз. Сөйлем элементтерінің нені білдіретіні емес, олардың қалай бірге орналасып, тұтастыққа бірігетіні маңызды. Сондықтан



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 20. Людвиг Витгенштейн: тіл және нақты дүние

Фреге олардың көмегімен сөйлемдердің барлық элементтерінің бірге орналасуын сипаттауға қажетті символдардың үлкен бір жиынтығын жасады.

Мәселен, «мысық төсеніште отырды» және «ит төсеніште отырды» идеяларының құрылымы бірдей. Бірақ сіз: «Бүкіл комитет баяндаманы тыңдап, жиналыста отырды», деген пікір туралы не айтасыз? Бәлкім, Витгенштейн бізге осы сұрақтың жауабын табуда көмектесетін шығар, – дейді Джонстон. Әзірше Фрегеге қайта оралайық.

Дәл осы құрылымды – барлық қажетті элементтер бірігіп, бір сөйлемде тоғысатын тәсілді – біз белгілі бір дәлел логикаға сай ма, жоқ па деген сұрақты қойған кезде қарастырамыз. Бізді жекелеген пайымдаулардың әрбірінің мағынасы толғандырмауы керек. Бұл символдық логика деп аталады. Ол бізге дәлелдерді Аристотель ойлап тапқан әдіске қарағанда дәлірек тәсілдің көмегімен талдауға мүмкіндік береді.

## Витгенштейннің бастапқы философиясы

Витгенштейн логика мен нақты дүниенің құрылымы бір екенін дәлелдеуге тырысты. Осы теорияға қатысты өз дәлелдерін ол «Логикалық-философиялық трактат» еңбегінде жариялады. Бұл – философтың адам тілінің табиғатына қатысты таза кәсіби көзқарасын көрсететін өте мәте нақты әрі терең ғылыми жұмысы. Бұл кітап адам дәл жеткізе алатын заттарға қатысты қандай да бір шектеулерді ысырып тастайды дегуге болады. Витгенштейн тілдің логикаға негізделмеген түсініктерінің бәрін сынға алды. Ол, сонымен қатар, бар екені дәлелденбеген заттар, мысалы, өнер, метафизика, этика туралы қандай да бір ақпаратты айтуға бағытталған кез келген талпыныстарды да сынады. Олардың бәрі бар болып отыр, бірақ сол құбылыстар айғақтап отырған құндылықтар тәуелсіз, күмәнсіз және талассыз негіздерге ие ме?

Қандай да бір тұжырым тек дүниедегі нақты бар объектілермен айқын түрде үйлескенде ғана мағынаға ие бола алады. Витгенштейн мағынасы басқа фактілерге тәуелді емес фактілер саналатын әлдебір «логикалық атомдар» туралы айтты. Оның пікірінше, «логикалық атомдар» одан да ұсақ, тәуелсіз бөлшектерге бөліне алмайды. Бұл жағдайда оның ойы Фреге «мағына» деп атаған ұғымның төңірегіне шоғырланатынын атап өте аламыз.

«Трактат» бізге, негізінен, тіл туралы, әлем, логика және математика туралы әңгімелейді, бірақ зерттеу сонымен қатар, этиканы да, тіпті мистицизмді де қарастырады. Витгенштейннің бұл еңбегі органикалық біртұтастыққа ие. Кітап негізгі жеті бөліктен тұрады; өз кезегінде әр бөлік бөлікшелерге бөлінген. Мұның бәрі сауатты да мұқият жүйеленіп, нөмірленген. Бұл жұмыстағы әр пікір қалған пікірлерді құптайды және өзі де солар арқылы мақұлданады.

Кітаптың алғашқы сөздері:

1. Дүние – болып жатқан оқиғаның бәрі.

1.1. Дүние – объектілердің емес, фактілердің жиынтығы.

Соңғы сөздері:

6.54. Менің пайымдауларым мынадай жағдайға түсіндірме болады: мені түсінуге тырысқан адам пайымдауларымды баспалдақ ретінде қолданып, бәрін басып өткенде, олардың мәнсіз болғанын ұғады. Ол осы пайымдауларды жеңіп, олардың шегінен шығуға тиіс. Сол кезде ол дүниенің шынайы бейнесін көреді.

7. Айту мүмкін емес нәрсе туралы үндемеген абзал.

Витгенштейн дүниені объектілердің емес, фактілердің жиынтығы ретінде қарастырды. Фактілер – логикалық объектілер немесе мәндер. Оларды растауға немесе теріске шығаруға ғана болады. Фактілердің өздері қатты, қызыл, дөңгелек және т.б. болмайды. Заттар кеңістікте және уақытта өмір сүреді: олар форма, түс, тығыздық және тағы сол сияқты сипаттарға ие.

Фактілер біз елестеткеннен мүлде басқаша бола алады: заттар белгілі бір жағдайлардың бар немесе жоқ болуына тәуелді болмауы мүмкін. Фактілердің тілімізде бейнеленетін образдары бізге олардың мағынасын көрсетеді. Витгенштейн дүние бір-біріне шынжырдың буындары сияқты тұтаса біріккен қарапайым объектілерден тұрады деп түсінді. Бұл объектілер күнделікті тіршілігімізді, өмірлік қызметімізді қалыптастырады деп есептеді.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 20. Людвиг Витгенштейн: тіл және нақты дүние

Витгенштейннің ойынша, философияның мақсаты – ойымызды логикалық тұрғыдан тазалау және айқындау. Философия – іс-әрекет; ол қандай да бір ғылым емес. Біз қандай да бір заттар туралы білімімізді айқындағанда, философиялық тұрғыдан пайымдаймыз. Логика бізге логикалық формалар береді, бірақ ол дүниеде өмір сүріп отырған заттар туралы ештеңе айтпайды.

Абсолютті құндылықты бейнелеуге ұмтылыстарымыздың бәрінде біз әртүрлі тілдік шектеулерге тап боламыз. Витгенштейн осы шектеулерді көрсетуге тырысты. Оның түсінігі бойынша, олар мынадай деңгейлерде көрінді:

- 1) біз дүниенің ақиқат болмысына таңғалатын өмір сүру деңгейінде;
- 2) болып жатқан жайттарға толығымен немқұрайды қарауымыз мүмкін емес субъективті деңгейде;
- 3) рұқсат етілген шектен шығып кетуімізге байланысты кінәлі болып есептелгенімізде, бірақ біз барлық мүмкін жағдайларда сөзбен жеткізе алмайтын белгісіз бір абсолюттік талапқа сай әрекет еткенімізді түсінетін этика деңгейінде.

Біз тілдің немесе дүниенің шегарасын ұғына алмаймыз.

Витгенштейн әр пайымдаудың, сондай-ақ ол сипаттайтын нәрсенің логикалық формасы болу керек деп санады. Бірақ дұғаның, этикалық ұйғарымдардың немесе ар-намысты қорлайтын ишараның логикалық формасы қандай? Жоғарыда сипатталған барлық құбылыстар сөйлеуге қатысты болғандықтан, олардың лингвистикалық формасы болуы тиіс. Бірақ оларға жол беріле ме? Бәлкім, тіл арқылы білдірілуі мүмкін немесе мүмкін еместің шеңберін өте қатты тарылтып жіберген шығар? – дейді Дерек Джонстон.

## Витгенштейннің кейінгі философиясы

Бұл жаңа философияда Витгенштейннің ойлары Фреге мән деп атаған ұғымға басымдық береді. Ол сөйлемнің мағынасы – адамның сөздері сыртқы дүниеде байланысатын жайттарға барабар емес деп түсінді. Ол сөздердің бір-бірімен байланысуына көмектесетін тәсіл сөйлемнің мағынасы болады деген қорытындыға келді.

Тіл мінсіз логика ретінде әрекет еткендіктен емес, адамдар оның жұмыс істеу процесін үйлестіріп, реттеп отыратындықтан белгілі бір тәсілдер арқылы жұмыс істейді. Бұл үйлестіру формалды сипатта емес. Тіл ұжымына енген адамдар оны еріксіз жүзеге асырады.

Мен: «Жас бұзақы мұғалімді алдап жүр және мұнысы үшін еш жазаланбай, құтылып кетті», – дей аламын. Бұл сөйлемнің мағынасының «алдап жүр» немесе «құтылып кетті» тіркестерінің логикалық құрылымымен ортақ ештеңесі жоқ. Бұл тек тіл ұжымының аталған сөз тіркестерін белгілі бір заттар, оқиғалар мағынасында қабылдайтынына байланысты.

Витгенштейн тіл ойындарын зерттеуге осылайша келді.

Енді біз, шамасы, «мысық төсеніште отырды» және «бүкіл комитет баяндама тыңдап, жиналыста отырды» деген сөйлемдердің мағынасын қалай қарастыру керегін түсіне алатын шығармыз. Бұл сөйлемдерде бірдей логикалық құрылым жоқ. «Отырды» сөзі осы екі сөйлемде әртүрлі құбылыстарды білдіреді және де бұл айырмашылық айтарлықтай елеулі. Тіл өзі қатысып отырған тіл ойындары туралы еріксіз хабардар. Сонымен қатар ол бұл ойындарды қабылдайды. Витгенштейннің кейінгі философиясы оның бастапқы философиясына белгілі бір дәрежеде қайшы келетінін атай кетейік.

Тілден тысқары нақты дүниені тіл арқылы жеткізе алмаймыз. Біз тілді сол туралы айтуға ғана қолдана аламыз. Сол тілде сөйлейтін кем дегенде екі адам бар кез келген тіл өмір сүре алады. Ешқандай «жеке тілдің» болуы мүмкін емес.

«Философиялық зерттеулер» – Витгенштейн оны жазуға көп күш жұмсаған кітап. «Трактатқа» қарағанда ол онша өткір де нақты емес. Бұл еңбектегі пікірлердің көлемі үлкен, сондай-ақ диалогтар берілген, әртүрлі көзқарастар ұсынылған. Кітапта логикалық символдар жоқ.

«Философиялық зерттеулер» бізге мән түсінігін ашады, сонымен қатар, білімді қалай ұғатынымыз туралы, пайымдаулар мен логика, математика жөнінде, түсіну мен ұғыну күйлері



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 20. Людвиг Витгенштейн: тіл және нақты дүние

хақында және көптеген басқа да ұқсас қырлар туралы баяндайды. Витгенштейн тіл мен өмір салтының арасындағы байланысты іздеді. Тілдік шатасудан қашып құтылу мүмкін емес. «Бізде ондай шатасу бала кезден бар, себебі біз өз ойларымызды белгілі бір тәсілдермен тұжырымдап үйренгенбіз», – деп түйіндейді Дерек Джонстон.

## Түйін

Витгенштейннің бастапқы философиясының мақсаты – біздің зердемізден жасырын заттар мен құбылыстардың мәнін анықтау болды. Ал оның өзі терапияның формасы ретінде қарастырған жаңа философиясы адам санасынан жасырын ештеңе жоқ екенін түсіндіруге тырыспады. Мұның мақсаты – біздің алдымызда тұрған және айналамызда болып жатқан оқиғаларды анықтау.

Ол сынауға тырыса отырып, ақылымызды тілді асыра бағалаудан құтқаратын ойлау машығына үйретеді.

Ешқандай да таза ой жоқ. Біз ойларымызды тілдік құрылымға салмаймыз. Алайда біз тілді меңгермей, ойлай алмаймыз.

Витгенштейн «ақиқатты» тіл ойынының түрі ретінде қарастырды. Біз тіл туралы ойлағанда, өзімізді одан тысқары тұрмыз деп елестетеміз. Сонымен, бір жағынан, тіл бар, екінші жағынан, нақты дүние бар. Кәдімгі кітапқа қараңызшы. Қанша объектіні көріп тұрсыз? Біреу ме? Ал оның мұқабасы қанша? Алмалы-салмалы, шаңнан қорғайтын мұқабасы бар ма? Кітаптың қанша беті бар? Осының бәрі әртүрлі объекті ме? Сіз мақұлдай немесе терістей аласыз. Бұл сіздің дәл осы уақытта тілді қалай қолданбақ болғаныңызға байланысты.

Ғалым «аналитикалық философия» немесе «лингвистикалық философия» деп аталатын салаға зор үлес қосты. Аналитикалық философтар континенттік философтарды өз ойларын анық-қанығын айту қиынға соғатын мәселелерге шоғырланғандары үшін жиі сынайды. Олар әлеуметтану, психология, бейсана күй және саяси күрес туралы ой толғайды. Аналитикалық философтар бұл мәселелерді өздерінің зерттеу салаларынан алып тастауға ұмтылады. Континенттік философтар бұл заттардың белгісіздігі олардың пайдасыз және маңызсыздығын білдірмейді деп қарсы пікір айтады.

Біз этика, дін, эстетика және метафизика сияқты салаларда болуы шүбәсіз, нақты білімге ие бола аламыз ба? Егер ие бола алатын болсақ, онда осы білімге қалай келу керек, оны қалай игеру қажет? Егер ие бола алмайтын болсақ, бізге этика, дін, эстетика және метафизикаға қатысты талқылауларды аяқсыз қалдыруымыз керек пе? Олардың маңызы бар ма? Олардың құндылығы қандай? – деген сауалдарды қояды аяғында Джонстон.

## Қорытынды

Аналитикалық философия Витгенштейннің еңбектерінде туындады. Оның философиясының оған дейінгі барлық ойшылдардың догмалық ілімдерімен ортақ ештеңесі болған жоқ. Ол өзінің бастауын әдістемеден, ғылыми және логикалық дәлелдемеден алды. Витгенштейн оқырман автордың ойын ол айтқан заттар туралы өзінің белгілі бір түсініктері оған дейін болғанда ғана түсіне алады деп ойлады. Ол өзінің назарын тілді зерттеуге, оны талдау мәселелеріне аударды: тілдің қызметінің принциптері жөнінде екі философиялық теория жасады. Аналитикалық философияға барлық философиялық мәселелерді тілдік мәселелер ретінде қарастыру тән. Ол – тілдің көкжиегі туралы: айтып жеткізуге болатынның және айтып жеткізу мүмкін еместің шектері туралы теория. Көптеген зерттеушілер тілмен жеткізе алмайтын бірдеңенің бар екені туралы айтса да, адамның жаны бәрібір соны жеткізуге ұмтылады.